

Талдамасы

**Үйірме мақсаты:** шахмат сабағы арқылы шығармашыл, дарынды жеке тұлға жетілдіруге жағдай жасау.

**Міндеттері:**

шахматтың шығу тарихымен таныстыру;

ойын ережелерін үйрету;

оқушыларға шахмат ойыны туралы теориялық білім беру, сайыстар өткізу ережелерімен таныстыру.

**Тәрбиелік:**

айналасына ұқыптылықпен қарау, жеке қасиеттерін жетілдіруге ұмтылдыру;

өзін тәртіпке салуға тәрбиелеу;

еріктілік қасиеттерін жетілдіруге және өзін өзі бағалай білуге.

Бұл бағдарламаны игеру барысында оқушылардың пәнді игерумен қатар, ұжымда жұмыстана білуі қалыптасады.

Бұл бағдарлама бойынша жұмыс істей бастаған жас шахматшылар ойын ережелерін және фигураның салыстырмалы құндылығын біледі және ойын формасы шахматтың сиқырлы әлеміне еніп, шахмат мәдениетін үйренуге мүмкіндік береді. Жас шахматшылар түрлі деңгейдегі жеңімпаздар мен жүлдегерлер атанады.

Қыркүйек айында үйірмеге қатысушы оқушыларға шахмат үйірмесінің ғылымы, жалпы ережелері таныстырылды. Шахмат ойынының тарихы мен шығу тарихы туралы толықтай мәліметтер алды.

Қазан айында оқушылар ойынның негізгі әдістерін үйреніп, шахмат фигуралары, жүрістері тәсілдерін Қараша айында оқушыларымен үйірмедегі қарым-қатынасты, көшбасшыны анықтау мақсатында өзара шахмат ойыны өтті. Ойын барысында оқушылар бір-бірімен жақсы қарым-қатынаста болып, ұйымшылдықпен топпен жұмыс жасай алатындарын көрсетті.

Желтоқсан айында ойын техникасын жетілдіру мақсатына арналған жаттығулар орындалды. Оқушыларға үйірме барысында патшамен жүріс ойнау ережесі үйретілді.

Қаңтар айында Атпен Турамен жүріс ойнау ережесі түсіндірілсе, үйірме соның да балалардың білімдерін бекіту мақсатында өзара шахмат ойыны ойнатылды.

Ақпан айында оқушылар екі жақты шахмат ойынның ойнады. Төзімділік пен икемділікті, ойлау қабілеттерін арттыратын жаттығулар жасалды. Оқушылардың үйірмеге деген қызығушылықтары артып, әр келген сайын ойынға деген өз белсенділіктерімен қатысты.

Наурыз айында үйірмеге қатысушы балаларға шахмат стратегиясы тактикасы, шахмат композициясы, мат қоюға арналған әдіс-тәсілдер үйретіліп, өткізілді. Балалар ойын барысында үйірмеден үйренген әдістері бойынша фигуралармен ойнауды көрсетті.

Сәуір айында үйірме оқушылар арасында шахмат ойыны ұйымдастырылды. Ойын барысында оқушылар жақсы ойын көрсетіп, үйірмеден жақсы нәтиже алғандарын көрсетті.

Мамыр айында қорытынды ойын техникасын жетілдіруге арналған топтық ойын өткізілді. Үйірме соңғы уақытында оқушыларға шахмат композициясы, миниатюрасы, мат қою схемасына бақылау жаттығулары жасалынды. Шахмат ойыны бойынша оқушылар толықтай білім алып шықты. Жылдың аяғында жылдық жұмыс қорытындыланып, талқыланды.

